

 **islam.click**  
коротко о важном

**ЧАСТЬ #2**

**ХУТБА**

**11.02.2022**

# МАХАББАТ КҮНІ



@islam.click



@islamclick

*Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен  
Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен*

## МАХАББАТ КҮНІ

*(құтпа)*

Уа Аллаһтың құлдары! Ислам қаумы (әхлә-л-Ислам)! Құран қауымы (әхлә-л-Қуръан)! Өзіме және сіздерге еске салғым келгені - бізге берілген ең басты және ең үлкен нығмет - Раббымыздың бізді өз дініне, Исламға бағыттағаны. Ол бізді иман қауымы етіп (әхлу-л-иман), асқақтатты. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) отбасыларды, адамдарды, ұлттар мен руларды былай деп сүйіншіледі:

**أَيُّمًا أَهْلِ بَيْتٍ مِّنَ الْعَرَبِ أَوْ الْعَجَمِ أَرَادَ اللَّهُ  
بِهِمْ خَيْرًا أَدْخَلَ عَلَيْهِمُ الْإِسْلَامَ**

***"Кез-келген үй иелері, мейлі ол араб немесе араб емес болсын, егер Аллаһ оларға жақсылық қаласа, онда оларға Исламды кіргізеді"***

(Ахмад (15917) және Ибн Мәжаһ (5956), шейх Муқбил оны сахих деген).

Аллаһтың сіздерге сыйлаған ұлы нығметі Исламды бағалаңдар және тірі кездеріңде одан мықтап ұстаныңдар және бұл үшін Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһқа көп алғыс пен мақтау айтудан шаршамаңдар. Осыған қуаныңдар! Осы діннің ережелерін оқып

үйреніп, оларды орындандар! Бұл дінді нығайтындар, оны әлсіретпендер. Және Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһтың ең үлкен нығметі - ол сіздердің жүректеріңізге иманды сүйікті және күпірді жек көрінішті еткені екенін біліңдер. Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ Құранда бізге осы нығметін есімізге салып, былай дейді:

وَلَكِنَّ اللَّهَ حَبِيبٌ إِلَيْكُمْ الْإِيمَانَ وَزَيْنَهُ فِي  
 قُلُوبِكُمْ وَكَرَّهَ إِلَيْكُمْ الْكُفْرَ وَالْفُسُوقَ  
 وَالْعِصْيَانَ

**«Аллаһ сендерге иманды сүйікті етті және оны жүректеріңде көркемдеді, әрі сендерге күпірлік пен бұзықтықты және күнәларды жек көрсетті»**

(«әл-Хужурат» сүресі, 49:7)

Содан кейін, уа Аллаһтың құлдары, имансыздық пен екіжүзділікті (нифақты) ұстанатын адамдар сіздерге қатты қызғаныш пен көреалмаушылық танытатынын біліңдер. Сіздер мұны түсінбейсіңдер, бірақ олар сіздерді көре алмайды. Олар Аллаһтың сіздерді осы хақ дінге әкелгенін көре алмайды. Олар сіздердің иман нұсқауларын орындауларыңды көре алмайды. Олар сіздерге Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ уәде еткен ұлы жетістікті көре алмайды. Олар Жәннат тұрғындары болатын иман иелеріне күйінішті көреалмаушылықпен қарайды. Сондықтан олар сіздерді діндеріңізден алыстату үшін кез келген

тәсілдерді: сөздер мен істерді, арбау мен қорқытуды, қулық пен алдауды, әртүрлі күмәндар себу мен сіздерді шатастыруды, - бәрін қолданады. Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ бұл туралы Құранда айтады, әрі Құранды шынайы оқитын адам мұны біледі. Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ былай дейді:

**وَدُّوا لَوْ تَكْفُرُونَ كَمَا كَفَرُوا فَتَكُونُونَ سَوَاءً**

**«Олар өздері күпірлік еткендей, сіздердің де күпірлік еткендеріңді, сөйтіп өздерімен бірдей болғандарыңды қалайды» («ән-Ниса» сүресі, 4:89).**

Уа Құран адамдары! Уа Ислам қауымы! Діндеріңізді мақтаныш етіңіздер, бастарыңызды жоғары ұстандар. Ұлылықты осы діннің ережелерін сақтауда іздендер. Егер сіздер бұл дінді шынайы ұстанатын болсаңыздар, сол арқылы ұлылыққа жетесіздер, сол арқылы қорлауға ұшырамайсыздар, әрі жүректеріңізбен, бірліктеріңізбен және күштеріңізбен нығаясыздар. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) не айтқанына қараңыздаршы:

**إِنَّا كُنَّا أَذِلَّ قَوْمٍ، فَأَعَزَّنَا اللَّهُ بِالْإِسْلَامِ،  
فَمَهْمَا نَطْلُبُ الْعِزَّةَ بغير ما أعزنا الله به  
أذلنا الله**

*«Біз ең жеккөрінішті (қорланған) қауым едік, әрі Аллаһ бізді Ислам арқылы жоғарылатты. Әрі егер біз ұлылыққа Аллаһтың бізді жоғарылатқан нәрсесі*

*арқылы емес, (басқа тәсілмен) жетуге тырысқан сайын, Аллаһ бізді қорлауға ұшыратады»* (әл-Хаким (1/130), әл-Әлбани хабарды сахих деді).

Біз ұлылықты Исламнан емес, басқа нәрседен іздеген сайын, қорлауға ұшырай береміз, уа Аллаһтың құлдары.

Уа Ислам иелері, айналаңыздағы адамдар сіздерге және сіздердің діндеріңізге мұқтаж екенін біліңдер. Олар сіздерге өздерінің дүниелік өмірі мен мәңгілік өмірі үшін мұқтаж, сондықтан бақыл болмаңыздар, дінге шақыру ісіне сараңдық жасамаңыздар! Адамдарды дінге шақыру мәселесінде жомарт болыңыздар, олар сіздерді қажет етеді және сіздерге мұқтаж. Сіздер өз діндеріңізде ешқандай ойдан шығарылған пікірлер мен көзқарастарда мұқтаж емессіздер. Сіздер ешқандай бидағаттарға да мұқтаж емессіздер. Сіздер кәпір болған біреудің соңынан еруге тіпті мұқтаж емессіздер. Сіздер діндегі негізі жоқ, ойдан шығарылған бидғат болған мерекелерді ұйымдастыруға да мұқтаж емессіздер. Сіздер кәпірлердің, азғындардың және нәпсіқұмарлардың мерекелеріне мұқтаж емессіздер, өйткені осы дін — толық, ал сіздер бұлардың ешқайсына мұқтаж емессіздер.

Алайда, өкінішке орай, бүгінгі күні көптеген мұсылмандар — ерлер де, әйелдер де — адамдарға ықпал етудің, оларға осы діннің нығметін түсіндіріп, оларды осы діннің нұсқауларына үйретудің орнына, өздері осы діннің жауларының әсері мен ықпалына ұшырап жатады. Олар адамдарға нақты, хақ дәлелдер негізінде, жұмсақтықпен, абыроймен Пәк әрі Аса

Жоғары Аллаһтың дінін түсіндірудің орнына, керісінше, өздері күпірлік иелерінен, залымдардан, екіжүзділердің тарапынан шабуылға ұшырап, олардың шақыруларына жауап береді және олардың сөздері мен әрекеттерінің әсеріне ұшырайды, және оларға еліктеп, бұл дінді әлсіретеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге бұл ащы шындық туралы ескертіп, былай деп айтқан:

لَتَتَّبِعَنَّ سَنَنَ الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ شِبْرًا بِشِبْرٍ  
وَدِرَاعًا بِدِرَاعٍ حَتَّىٰ لَوْ دَخَلُوا فِي جُحْرٍ  
ضَبٌّ لَاتَّبَعْتُمُوهُمْ

*«Сендер өздеріңе дейін болғандардың жолына қадам ба қадам қарыс-қарыс (ауытқымай) түсесіңдер, тіпті егер олар кесірткенің ініне кірсе де, сіздер де [солармен бірге] де оған кіресіңдер».*

Сонда адамдар таң қалып:

يَا رَسُولَ اللَّهِ، الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى؟

*«Уа Аллаһтың Елшісі, яғни біз яһудилер мен христиандардың соңынан (ілісеміз) бе?», - деп сұрады.*

Пайғамбар (оған Аллаһтың салауатымен сәлемі болсын) оларға:

فَمَنْ؟

*«Ал басқа кімнің?» - деді (әл-Бухари (3456)).*

Таң қаларлығы - мұсылмандарды Ислам ұлы етіп, оларды Аллаһтың мейірімі мен тура жолға шақырушылар етті, ал олар күпірлік иелерінің тұтқындарына айналып, олардың әдет-ғұрыптарына, мінез-құлықтарына, мерекелеріне, өмір салттарына еліктейді.

Уа Ислам иелері! Біз жыл сайын осы уақытта, ақпан айының ортасында, 14-ақпанда, бұқаралық ақпарат құралдарының жағынан, олардың барлық көрінісінде, интернеттегі сайттарда, әлеуметтік желілерде, сауда желілерінде, дүкендерде, жарнамаларда — яғни түгел барлығында, кәпірлердің мерекесі болып табылатын Валентин Күніне шақыратынын көреміз. Бұл мереке қазіргі орын алған бұзылып бүлінудің үстіне одан сайын бүліну қосып қана қоймай, сонымен қатар онсыз да жойылуға жақын таяп қалған ұят пен тазалықты одан сайын әлсіретеді, және діннің жаулары бұл мерекені, адамдарды көркем есімдермен алдап шатастыру үшін, айламен Махаббат күні немесе Ғашықтар күні деп атайды. Алайда бұндай сәндеу - шайтанның қолданатын тәсілдерінің бірі болып табылады, әрі ол әрқашан жиіркенішті нәрселерді безендіріп, сәндеп, оларды әдемі есімдермен атайды. Ол опасыздарды шыншыл-сенімділер деп, ал тура жолдан адастырушыларды тура жолға нұсқаушылар деп атайды. Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ шайтанның бұл әдетін бізге түсіндірген, өйткені шайтан біздің арғы атамыз бен анамыз болған Адам Атаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және Хаууа Анамызға: «Мен сендерге шынайы насихатшымын», - деп, оларды Жәннаттан шығару үшін ант берді. Аллаһ Тағала былай деген:

## وَقَاسَمَهُمَا إِنِّي لَكُمَا لَمِنَ النَّاصِحِينَ

**«Әрі (шайтан) ол екеуіне: “Мен сен екеуіңе шынайы кеңес берушілерденмін [яғни мен шынымен сен екеуіңе жақсылық тілеймін]”, - деп ант етті»** («әл-Әғраф» сүресі, 7:21).

Уа Аллаһтың құлдары, уа Ислам қауымы! Уа Құран мен Сүннет иелері! Мұсылман ер мен мұсылман әйел бұл Махаббат күні (Ғиду-л-хубб) немесе басқаша аталатын мерекені, атап мерекелеуге құқылы емес. Бұл мерекемен құттықтауға болмайды, бұл мерекеге арнап сыйлық беруге болмайды, қандай да бір ерекше киім киюмен, немесе гүл сыйлаумен, немесе арнайы сөздер айтумен, немесе бір хаттар, хабарламалар жіберіп, бұл мерекені ерекшелеуге болмайды. Үйлеріңді және бөлмелеріңнің бірін жүрек түріндегі эмблемалармен безендіруге және т. б. сол сияқты іс-әрекеттер жасауға болмайды. Мұның бәрі кәпірлердің әдет-ғұрыптарынан. Бұл олардың адасушылықтарын таратуды және олардың әсеріне ұшырауды білдіреді. Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұған қатаң тыйым салды, ол өз үмметін бұл нәрселерден өте қатаң сақтандырып, былай деді:

## وَجُعِلَ الذُّلُّ وَالصَّغَارُ عَلَيَّ مِنْ خَالَفَ أَمْرِي

، و من تشبه بقوم فهو منهم

**«Менің әміріме қайшы келгендерге қорлық пен кемсіту түссін. Ал кім әлдебір қауымға еліктесе - сол солардың бірі болады»** (әл-Бухари муғалләқ



түрінде (2914 хадистің алдында) және Ахмад (5667), шейх әл-Әлбани оны сахих деп атады).

Ибн Касир (Аллаһ оған рақым етсін) былай деді:  
*«Мұнда қатаң тыйымға [айқын] нұсқау келген және кәпірлерге: олардың сөздерінде, әрекеттерінде немесе мерекелерінде немесе ғибадат етулерінде және оларға тән басқа ерекшеліктерде -еліктеудің үлкен қауіптілігі туралы айтылған».*

Уа Аллаһтың құлдары, тіпті егер бұл мерекені мұсылмандардың бірі ойлап тапқан болғанда да, біз: "Оны тойлауға болмайды, өйткені бұл қорқынышты күнә және бұған тыйым салынған (харам)", - деп айтар едік. Ал енді оны күпірлік адамдары ойлап тапқан болса, онда не айтуға болмақ? Егер бұл мерекені мұсылмандар өздері жаңадан енгізген болса да, бұл харам болар еді, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

**مَنْ أَحَدَّثَ فِي أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ مِنْهُ، فَهُوَ رَدٌّ**

*«Кімде-кім біздің бұл дінімізге онда жоқ бір нәрсені енгізсе, ол қабылданбайды»* (әл-Бухари (2697).

Ол тағы да былай деген:

**كُلُّ بَدْعَةٍ ضَلَالَةٌ**

*«Кез-келген бидғат — бұл адасушылық»* (Муслим (867).

Кейбіреулер: "Бірақ бұл дүниелік мәселелерге қатысты мәселе ғой, оның дінге ешқандай қатысы жоқ қой!", - деп жатады. Жоқ, уа Аллаһтың құлдары! Кез-келген мереке өз негізінде ғибадат болып табылады. Мереке – бұл сіз қуанатын күн, мұсылман адам үшін «ғийд» - мереке - бұл Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһқа жақындататын нәрсе, бұл ғибадат (ғибада).

Бұл адамның ұстанатын діннің бөлігі, сондықтан мұсылман адамда Аллаһ Тағала біз үшін орнатқан мерекелерден басқа мерекелер болуы мүмкін емес. Біз Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мединаға келгенде адамдардың екі күнді тойлап мерекелеп, осы екі күнде көңіл көтеріп жатқанын көргенін айтқанбыз. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Бұл сендер атап өтетін екі күн не?»** - деп сұраған болатын. Олар: «Біз бұл мерекелерді (бұл күндерді) [Наурыз және Махражан] исламға дейінгі жәхилиет-надандық дәуірінде атап өтетінбіз», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға:

إِنَّ اللَّهَ قَدْ أَبْدَلَكُمْ بِهِمَا خَيْرًا مِنْهُمَا: يَوْمَ  
الْأَضْحَى ، وَيَوْمَ الْفِطْرِ

**«Расында, Аллаһ сендерге бұл күндерді одан жақсы екі күндеріңмен алмастырды. [Бұл] Құрбан айт (әл-Адха) және Ораза айт (әл-Фитр)»**

(Абу Дауд (1134), ән-Нәсаи (1556) және Ахмад (12006), шейх әл-Әлбани оны сахих деп атады).

Уа Ислам қауымы, ең соңында біз сіздерге еске салғымыз келгені - бұл мерекені атап өту тек қана өзіңізге ғана қатысты тыйым емес, сонымен қатар сіз үшін мұсылман еместерге немесе мұсылмандарға оны тойлауға көмектесуге де болмайтыны. Қандай да бір жолмен оны нығаюына және күшеюіне, қандай да бір жолмен адамдарды осы күннің ерекшеліктерінде қолдауға, біреуді осы мерекемен құттықтауға немесе қандай да бір сыйлықтар беруге, оларға арнап қандай да бір ашықхат-открыткалар басып шығару, осы мерекеге байланысты заттар жасау немесе қандай да бір эмблемалар салу немесе қандай да бір киім тігу, немесе бұларды сату, немесе осыған арналған арнайы заттарды, немесе гүлдерді, немесе жүректерді, немесе осы мерекеге тамақ дайындап және оны сату - бұның бәрі тыйым салынған (харам)! Осындай істермен қол жеткізілген табыс та тыйым салынған - харам, өйткені Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ бізге бұған қатаң тыйым салып және қатаң түрде ескертіп, былай деді:

**وَلَا تَعَاوَنُوا عَلَى الْإِثْمِ وَالْعُدْوَانِ وَاتَّقُوا اللَّهَ  
إِنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ**

**«Бір-біріңе күнәда және қылмыста  
(дұшпандықта) көмектеспендер. Және Аллаһтан  
қорқыңдар, ақиқатында, Аллаһ жазалауда қатал»  
(«әл-Мәида» сүресі, 5:2).**

*Құтпаның алынған дереккөзі: «islam.click» сайты  
Қазақ тіліне аударған аталған сайттың  
аудармашылар тобы  
.ж 1445/2024*

[ЧИТАТЬ СТАТЬЮ НА РУССКОМ](#)

[СЛУШАТЬ АУДИО В ТЕЛЕГРАМ](#)